

## Қаракемер мектеп-бала бақшасының 2022 – 2023 оқу жылы

### жылдық бойынша тәрбие жұмысының

#### есебі

Қаракемер мектеп-балабақшасында сыныпта 7 оқушы білім алып отыр. Соның ішінде 5- ұл бала, 2-қыз бала тәрбиеленуде. Қаракемер мектеп-балабақшасының сынып оқушыларының тәрбие жұмысының бірінші жартыжылдық бойынша жасалған тәрбие жұмыстарына тоқталатын болсам. «Мектебім – мейірім мекені!» тақырыбында білім күніне орай алғашқы тәрбие сағаты өтті. Жаңа қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие құқықтық тәрбие тарауында «Дұрыс тамақтану-денсаулық кепілі» дөңгелек үстел өтті. Оқушылар денсаулық жайлы айтып, денсаулық ең бірінші орында екенін түсінді. «Тәуелсіздік тірегім, Қазақстан жүрегім!» атты тәрбие сағаты өтті. Оқушыларға елін сүйіп, елін құрметтеп көк туын жоғары көтеру жайлы ақпарат берілді.

«Денсаулықтың 6 шарты» атты дөңгелек үстел өткізіліп, ойларын бөліп ортаға салып, дебат түрінде өткізіліп өтті. «Қазақтың дәстүрі рухани мәдениеті» Қыз балалар мен ұл балалар өз білімдерін ортаға салды. «Ұлттық өнер – ұлттық қазына» атты кезекті тәрбие сағаты өтті. Ұлттық өнерімізді насихаттау барысында оқушыларға өз білімдерін ортаға салып, ұлттық өнерімізді насихаттау жұмыстары жүргізілді. «Жаңа жыл қош келдің» атты жаңа жылдық кеш өткізілді. Оқушылар түрлі түсті киімдер киіп өз өнерлерін көрсетіп, жаңа жылдық подаркалар беріліп, көңілді кеш болды. I жартыжылдық бойынша оқушылардың тәртібі жақсы, 3-оқушы екпінді, сабақтан себепсіз қалған оқушылар жоқ.

*Есеп беруші: сынып жетекшісі Жұмағалиева Мәдина*